

Аннуитеттік сақтандыруды жүзеге асыруға құқық беретін лицензиясы бар сақтандыру ұйымының сыйлықақы жөніндегі аннуитет шартын жасасу нысандарын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 25 маусымдағы N 185 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде 2007 жылғы 16 шілдеде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4809 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 17 шілдедегі № 128 қаулысымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.07.2015 № 128 қаулысымен.

Қолданушылардың назарына!!!

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.

"Қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағының 7) тармақшасын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес аннуитеттік сақтандыруды жүзеге асыруға құқық беретін лицензиясы бар сақтандыру ұйымының сыйлықақы жөніндегі аннуитет шартын жасасу нысандары белгіленсін.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

3. Стратегия және талдау департаменті (М.С. Бөбеев):

1) Заң департаментімен (М.Б. Байсынов) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің

мүдделі бөлімшелеріне, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына және "Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне мәлімет үшін жіберсін.

4. Агенттіктің Төраға қызметі (Е.Н. Заборцева) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Ғ.Н. Өзбековке жүктелсін.

Төраға

Қазақстан Республикасы Қаржы
нарығын және қаржы ұйымдарын
реттеу мен қадағалау агенттігі
Б а с қ а р м а с ы н ы ң
2007 жылғы 25 маусымдағы

№ 185 қаулысына қосымша

**Аннуитеттік сақтандыруды жүзеге асыруға құқық беретін
лицензиясы бар сақтандыру ұйымының сыйлықақы жөніндегі
аннуитет шартын жасасу нысандары**

1. Сақтанушы туралы ақпарат:	
Атауы	
Тұратын орны	
Телефон, факс, e-mail	
Байланыс жасайтын адам	
Бірінші басшы	
2. Пайда алушы туралы ақпарат (екі және одан артық тұлғалармен сақтандыру шарты жасалған жағдайда, нысанда әрбір тұлға бойынша деректемелері көрсетіледі):	
Фамилиясы, аты-жөні, бар болса - әкесінің аты	
Туған күні/жасы	
Жынысы	
Мамандығы	
Мекен-жайы	
Телефон, факс, e-mail	
Отбасылық жағдайы	
Төлқұжаттық деректері	

Шарт жасау себебі (қайтыс болу, мүгедектігі, кірісті жоғалту)	
---	--

Аннуитеттік сақтандыру шартының мерзімі =

Сақтандыру төлемі =

Аннуитеттік фактор (индекстеуді ескеріп есептелетін) =

Сыйлықақы мөлшерлемесі =

Жиынтық сыйлықақы мөлшері =

Орындаушы: .